



ШЕШІМ

20.04.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

168/24-VII

№

город Нур-Султан

**«Астана қаласы бойынша
іске асыруға жоспарланатын
жергілікті мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының тізбесі туралы»
Астана қаласы мәслихатының
2019 жылғы 6 наурыздағы № 355/45-VI
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 24-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 наурыздағы «Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласын Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы» № 6 Жарлығына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Астана қаласы бойынша іске асыруға жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 355/45-VI шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын;

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша іске асыруға жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының
2022 жылғы 20 сәуір
№ 168 /24-VII
шешіміне қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 355/45-VI шешіміне
қосымша

**Нұр-Сұлтан қаласы бойынша іске асыруға жоспарланатын жергілікті
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі**

| P/c № | Жобаның атауы |
|----------|--|
| 1 | 2 |
| 1. | «Астана қаласының әкімдігіне көліктік қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің сервистік келісім-шарты» |
| 2. | «Астана қаласының ақылы көлік тұрағы кеңістігін құру, пайдалану және басқару» |
| 3. | «Астана қаласы Білім басқармасының «Гуманитарлық колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын сенімгерлік басқаруға беру» |
| 4. | «Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» |
| 5. | «Дененің физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған Паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан» мұз айдынының қызметін ұйымдастыру» |
| 6. | «Нұр-Сұлтан қаласы, Қошқарбаев көшесі, 66 мекенжайы бойынша эфференттік терапия және гемотүзету орталығын ашу» |
| 7. | «Нұр-Сұлтан қаласы Нажимеденов көшесі, 16 мекенжайындағы амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін отбасы денсаулығы орталығын құру және пайдалану (отбасылық дәрігерлік амбулатория)» |
| 8. | «Нұр-Сұлтан қаласында алты жалпы білім беретін мектеп салу және пайдалануға беру» |

| | |
|-----|--|
| 9. | «Астана қаласында қауіпті, оның ішінде сынабы бар және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату/өңдеу қызметтерін ұйымдастыру үшін өндірістік қуаттарды салу» |
| 10. | «Нұр-Сұлтан қаласында 1200 орындық жалпы білім беретін мектеп салу және пайдалану» |